


КОПИЯ

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен

2004 ж. 9 қараша
3963-9017-44
33 ж. 8 қараша



КЕЛІСІЛДІ

Агенттік Төрағасы

2004 ж-ғы «27» қараша

«НҰРБАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

2004 ж-ғы «26» мамыр
Акционерлердің жалпы жиналысымен
бекітілді
№ 2 хаттама

АЛМАТЫ қ.-2004 ж.

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жаңа редакцияда құқықтық мәртебе және бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Нұрбанк» акционерлік қоғамының, жұмыс істеуін анықтайды.

Банк атауының өзгеруіне байланысты мемлекеттік қайта тіркеуден өтеді: бұрынғы атауы — «Нұрбанк» Ашық акционерлік қоғамы (1998 жылғы 20 мамырда берілген 3868-1900-АО нөмірлі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуден өткізу туралы куәлік), жаңа атауы — «Нұрбанк» Акционерлік қоғамы.

1 бап. Банкінің атауы

1. Банкінің толық атауы:

- а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: Акционерное общество «Нурбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Nurbank» Joint Stock Company

2. Банкінің қысқаша атауы:

- а) қазақ тілінде: «Нұрбанк» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Нурбанк»;
- в) ағылшын тілінде: «Nurbank» JSC

2 бап. Банкінің заңды мәртебесі

1. Банк ҚР заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып есептеледі, дербес балансы, корреспонденттік шоты бар, өз атынан сатып ала алады және мүлікті әрі жеке мүліктік емес құқықты жүзеге асыра алады, міндеттемелерге жауапты болады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банкінің ресми мәртебесі банкі ретінде заңды тұлғаның заң органдарында мемлекеттік тіркелуі және ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы болуымен анықталады.

2. Банкінің меншіктік нысаны – жеке меншік.

3. Банкінің Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде ҚР заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу құқығы бар.

4. Банк өзінің қызметін ҚР заңнамасына, ҚР заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде банкі практикасында қолданылатын іскерлік айналымның әдеттеріне, Банкінің осы Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

3 бап. Банкі қызметінің мақсаттары мен түрлері.

1. Банк жеке және заңды тұлғаларды, Қазақстан Республикасы резиденттері мен бейрезиденттеріне сапалы және кешенді қызмет көрсету мақсатында құрылды.

2. Банкі қызметінің мақсаттары:

2.1. Қазақстан Республикасында нарық экономикасының қалыптасуы мен одан әрі дамуына көмектесу;

2.2. экономиканың түрлі салалары мен секторларына және әлеуметтік саланың қалыптасуына және дамуына көмектесетін қаржы қызметін жүзеге асыру;

2.3. табыс табу және оларды акционерлердің мүдделеріне пайдалану;

2.4. банкі қызметтерінің өрісін халықаралық нормаларға, стандарттарға және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүзеге асыру және кеңейту.

3. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Банк банкі және басқа операцияларды уәкілетті органның лицензиясына сәйкес ҚР заңнамаларымен жүзеге асырады.

4. Банк ҚР заңнамаларымен тыйым салынбаған қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар.

4 бап. Банкінің қызметі жөніндегі жалпы мәліметтер

1. Банк қызмет көрушілермен өзінің қызметін тараптардың өзара міндеттемелерін және мүліктік жауапкершілігін анықтайтын шарттық төлем негізінде жүзеге асырады.

2. Банкі оқшауландырылған мүліктерге: Банкінің меншік құқына жататын үймереттерге, ғимараттарға, жабдықтарға, түрлі қорларға, ақшаларға, яғни меншіктік құқыға ие.

3. Банкіде жатқан ұйымдар мен азаматтардың ақшалары мен басқа мүліктеріне, тек ҚР заңнамаларында көзделген жағдайлар мен тәртіпте тыйым салынуы немесе өндіріліп алынуы мүмкін.

4. Банк өзінің қызмет көрушілері, депозиторлары және корреспонденттерінің операциялар шоттар және салымдары бойынша, сондай-ақ Банкінің жағдандық жәшіктерде, шкафтарда және бөлмелерде сақтауда жатқан мүліктердің құпиясын сақтауға кепілдік береді.

Банкі құпиясы болатын мәліметтер, тұлғаларға тек ҚР заңнамаларымен анықталған тәртіппен ашыла алынады.

5 бап. Банкі және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк, өз акционерлерінің мүліктерінен оқшауланған мүліктерге ие, және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзіне жататын барлық мүліктерімен жауап береді.

3. Акционер Банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банкі қызметімен байланысты, өзіне жататын акциялар құнының шеңберінде залал тәуекелдігінде болады.

4. ҚР заңнамаларында қарастырылған, сондай-ақ Банк немесе мемлекет өздеріне мұндай жауапкершілікті қабылдағаннан басқа жағдайларда Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша, мемлекет те банкінің міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндігі сияқты, жауап бермейді.

6 бап. Банкінің филиалдары мен өкілдіктері

1. Банкінің әрі Қазақстан Республикасы аумағында, әрі одан тыс жерлерде өзінің филиалдарын ашуға және оларға ереже шеңберіндегі құқықтарды беруге құқығы бар.

2. Банкінің филиалдары мен өкілдіктері ҚР және олар орналасқан мемлекеттердің аумағындағы заңнамалары белгілеген тәртіппен құрылады, жабылады.

7 бап. Банкі деректемелері

1. Банкінің өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрлері, бланкалары, логотипі, тауар белгілері (қызмет көрсету белгілері) және басқа деректемелері бар.

2. Банкі деректемелері Банкінің бір немесе одан астам жұмыс тілдерімен ресімделеді: қазақ, орыс және ағылшын.

8 бап. Банкінің атқарушы органының орналасқан жері және қызметінің мерзімі

1. Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 480013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Желтоқсан к., 168 «Б».

2. Банкі қызметінің мерзімі шектелмейді.

9 бап. Банкінің жарғылық капиталы.

1. Банкінің Жарғылық капиталының мөлшері барлық шығарылуға жарияланған жай және артықшылықты акциялардың атаулы құнының жиынтығына тән және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен өрнектеледі. Банкінің Жарғылық капиталы 5000000000,0 (бес миллиард) теңге құрайды, олар әрқайсы атаулы құны 10000 (он мың) теңге болатын 500000 (бес жүз мың) акцияға бөлінген.

2. Банкі Директорлар Кеңесі шешімі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталған акциялардың шығаруға жарияланған мөлшері шеңберінде акциялардың мөлшері, мерзімдері және шарттары белгіленеді.

3. Банкінің Жарғылық капиталын арттыруға Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ ҚР заң актілерімен қарастырылған басқа жағдайларда жол беріледі.

4. Банкінің төленген жарғылық капиталы жаңа акцияларды шығару және оларды орналастыру жолы арқылы арттырыла алынады.

10 бап. Банкінің резервтік капиталы және басқа қорлары

1. Банкі қызметінің тиімділігі үшін Банк қажетті Резервтік капиталды, сондай-ақ басқа мақсаттық және арнайы қорларды қалыптастырады. Резервтік капитал Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚР заңнамасы белгілеген тәртіппен, қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлегенге дейін Банкінің таза табысы есебінен қаржы жылының қорытындысы бойынша қалыптастырылады және Банкі залалдарын жабу үшін пайдаланылады.

Банкінің Резервтік капиталының мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады және ҚР заңнамасымен белгіленген ең аз мөлшерден аз болуға тиіс емес.

2. Банкінің Резервтік капиталын, басқа мақсаттық және арнайы қорларын қалыптастыр және пайдалану тәртібі Директорлар Кеңесі бекіткен Банкінің ішкі құжаттарымен анықталады.

11 бап. Банкінің облигациялары бойынша сыйақы

1. Банкі шығарған облигациялар бойынша сыйақы, бір жолғы немесе мерзімді төле түрінде белгіленеді, олар облигациялар бойынша оларды өтеуге дейінгі мерзімде (өтеу сәтінде облигацияны шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Дисконттық облигация бойынша сыйақы сомасы болып облигацияны орналастыру және атаулы құны арасындағы айырмашылы есептеледі.

12 бап. Банкі дивиденттерін төлеу тәртібі

1. Дивидент болып Банкінің оның акционерлеріне оларға жататын акциялар бойынша Банкі Акционерлері жалпы жиналысының шешіміне сәйкес төлейтін сыйақысы есептеледі.

2. Дивиденттерді төлеу ақшамен жүргізіледі, онымен қатар, дивиденттерді төлеу сондай ақ акционердің жазбаша келісімі болған кезде Банкінің бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Бір акцияға есептегендегі дивиденттердің мөлшерін Банкінің Директорлар кеңесі белгілейді.

3. Банкінің дивиденттерді тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жыл қорытындысы бойынша төлеуді жариялауға құқығы бар.

4. Қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлеу жөніндегі шешімді (жыл қорытындысы бойынша төлейтіннен басқа) Банкінің Директорлар кеңесі қабылдайды. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Банкінің Директорлар кеңесі қолданылып жүрген заңнамалармен және осы жарғымен қарастырылған өзінің уәкілеттігі шеңберінде, сол немесе басқа кезеңнің қорытындысы бойынша қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу мақсаттылығы жөнінде шешім қабылдауға құқылы, тек оны шешім қабылданғаннан он күн ішінде баспа басылымында жариялауға міндетті.

5. Дивиденттерді төлеу жөніндегі шешімде мынадай ақпарат болуы керек:

- 1) Банкінің атауы, орналасқан жері, банкі және басқа деректері;
- 2) дивидент төленетін кезең;
- 3) бір акцияға есептегендегі дивиденттің мөлшері;
- 4) дивиденттерді төлеу басталған күні;
- 5) дивиденттерді төлеу тәртібі және нысаны;
- 6) дивиденттер төлеу жүзеге асырылатын акциялардың түрі.

6. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларынан басқа жағдайларда Банкінің артықшылықты акциялары бойынша дивиденттерді төлеу Банкі органының шешімін талап етпейді.

7. Бір артықшылықты акцияға дивиденттің кепілдікті мөлшері 1 000 (бір мың) қазақстан теңгесі мөлшерінде белгіленеді.

8. Артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді төлеу мерзімі басталар алдынан бұрын бес жұмыс күні ішінде Банкі осы баптың 5 тармағында көрсетілген мәліметтерді жариялайды.

9. Дивиденттерді төлеген кезде бірінші кезекте артықшылықты акциялар бойынша дивиденттер, одан кейін қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төленеді.

10. Олар бойынша дивиденттер төлеу күні ресми жарияланға дейін отыз күннен кешіктірмей акцияларды сатып алған тұлғалардың дивиденттерге құқығы бар. Акционер Банкі берешегінің пайда болған мерзіміне байланыссыз алмаған дивиденттерді төлеуді талап етуіне құқығы бар.

11. Алынбаған дивиденттер бойынша сыйақы төленбейді. Айналымға шығарылмаған немесе таратылмаған, немесе Банкі сатып алмаған акциялар бойынша дивиденттер төленбейді.

12. Артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің мөлшері, сол кезең үшін қарапайым акциялар бойынша есептелген дивиденттердің мөлшерінен кем болуы мүмкін емес.

13 бап. Акция түрлері

1. Банк қарапайым және артықшылықты акциялар шығарады. Қарапайым акциялар әрбір атаулы құны 10 000 (он мың) теңгеден 400 000 (төрт жүз мың) дана мөлшерінде жалпы сомасы 4 000 000 000 (төрт миллиард) теңгеге және әрқайсының атаулы құны 10 000 (он мың) теңгеден

100 000 (жүз мың) дана мөлшерінде жалпы сомасы 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеге артықшылықты акциялар шығарылды.

2. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға, банкінің таза пайдасы болған кезде дивидент алу құқығын, сондай-ақ Банкі таратылған кезде, осы Жарғы және ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіппен оның мүлігінің бір бөлігіне құқық береді.

3. Акционерлер – артықшылықты акциялардың меншіктенушілері акционерлер – қарапайым акциялардың меншіктенушілеріне қарағанда осы жарғымен белгіленген алдын ала белгілі бір кепілдікті мөлшерде дивиденттер алуға, және банкі таратылған кезде, осы Жарғы және ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте мүліктің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар.

4. Артықшылықты акция акционерге, осы баптың 5 тармағында белгіленгеннен басқа жағдайларда Банкіні басқаруға қатысу құқығын бермейді, егер:

5. Артықшылықты акция акционерге Банкіні басқару құқығын береді, егер:

1) Банкі акционерлерінің жалпы жиналысы оның шешімі артықшылықты акцияға иелік ететін акционердің құқығын шектейтін мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім тек шектеуге артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі дауыс берген шартта қабылданған болып есептеледі;

2) Банкі акционерлерінің жалпы жиналысы Банкіні қайта ұйымдастыру немесе тарату мәселесін қарайды;

3) артықшылықты акция бойынша дивидент, оны төлеуге белгіленген мерзім күні аяқталғаннан үш ай ішінде толық мөлшерде төленбейді.

6. Банкі акцияларды атаулы немесе нарықтық құнымен тек ақша төлеу жолымен таратады.

7. Толық төленбеген акциялар мен Банкі сатып алған акциялардың, дауыс беру құқықтары жоқ, олар бойынша дивиденттер төленбейді.

8. Акция эмиссиясы Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесінде тіркеледі.

9. Банк акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды тіркеуші жүзеге асырады.

14 бап. Шығарылған акцияларды Банкінің сатып алуы

1. Шығарылған акцияларды Банкінің сатып алуы акционердің келісімімен одан кейін оны сату мақсатымен немесе Қазақстан Республикасы заңнамаларына және осы Жарғыға қайшы келмейтін басқа мақсаттарда жүзеге асырылады.

2. Шығарылған акцияларды Банкінің сатып алуы белгіленген заңнама тәртібімен Банкі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Шешімде шығарылған акциялар мөлшері, олардың түрлері, сатып алынған бағасы және төлеу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

15 бап. Банкі облигациялары

1. Банкінің Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі бойынша Банкінің бұдан былайғы қызметі үшін қаржыларды тарту мақсатында облигацияларды шығаруға құқығы бар.

2. Облигацияларды шығару тәртібі бағалы қағаздар нарығы жөніндегі заңнамамен реттеледі.

16 бап. Айырбасталымды бағалы қағаздар

1. Банктің айырбасталымды бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар. Айырбасталымды бағалы қағаздарды шығару жөніндегі шешімді, айырбастау құқығын және айырбасталым шарттарын Банкінің Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

2. Егер Банкінің жариялаған акцияларының мөлшері мұндай бағалы қағаздарды сатып алу құқығын беретін акциялар мөлшерінен аз болса, Банкінің акцияларына айырбасталымды облигацияларды және басқа бағалы қағаздарды орналастыруға құқығы жоқ.

3. Айырбасталатын бағалы қағаздарды шығарған жағдайда, облигацияны немесе акция эмиссиясының анықтамалығын шығару шартында бағалы қағаздарға айырбастау пропорциясы болуы керек.

17 бап. Банкі акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

1. Банкі акционерінің құқықтары:

- 1) Банкіні басқаруға Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында жә осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен қатысуға;
- 2) дивиденттер алуға;
- 3) Банкі қызметі жөнінде ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысыме немесе осы Жарғымен анықталған тәртіппен Банкінің қаржы есептемесімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе атаулы иеден оның бағалы қағаздар меншігіне құқығын растайты көшірмені алуға;
- 5) Банкінің Директорлар кеңесіне сайлау үшін Банкі Акционерлерінің жалпы жиналысын кандидатураны ұсынуға;
- 6) Банкі органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен дауласуға;
- 7) Банкіге оның қызметі жөнінде жазбаша сұрау салуға және сұраудың Банкке түскен күніне отыз күн ішінде уәждеделген жауап алуға;
- 8) Банкі таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Банкінің акцияларын немесе Банкінің Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамда туралы» Заңымен белгіленген тәртіппен оның акцияларына айырбасталатын басқа бағал қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.

Өзара жасалған келісім негіздемесінде әрекет ететін акционер немесе бірнең акционерлер, оған (оларға жиынтығында) Банкінің дауыс беретін акциясының (бұдан әрі І акционер) он және одан да астам пайызы жатады, оның құқығы:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын талап етуге немесе Акционерлердің жалп жиналысын шақыруда Директорлар кеңесі бас тартқан жағдайда оны шақырту жөнінде сот талап қоюға;
- 2) ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қосымша мәселелерді енгізу жөнінде Директорлар кеңесіне ұсынуға;
- 3) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 4) өз есебінен Банкінің аудиторлық ұйымының аудит жүргізуін талап етуге.

2. Банк акционерінің міндеті:

- 1) акцияларды төлеу,
- 2) Банкі акция иелерінің тізілімін жүргізу үшін қажетті берілген акционерге жататы мәліметтердің өзгерісі жөнінде тіркеуші мен акцияның атаулы иесіне он күн ішінде хабарлауға;
- 3) Банкі жөніндегі ақпаратты немесе оның қызметінің қызметтік, коммерциялық немесе за қорғайтын басқа құпиясын жарияламауға;
- 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және өзге заң актілерін сәйкес басқа міндеттемелерді орындауға.

3. Банк және тіркеуші осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасымен белгіленге талаптарды орындамау салдары үшін акционер жауап бермейді.

18 бап. Банкі органдары

Банк органдары:

- 1) жоғары органы – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі,
- 3) атқарушы органы – Басқарма.

19 бап. Банкі акционерлерінің жалпы жиналысы

1. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталған бойда бес айдың ішінд өткізілуге тиіс. Есепті кезең үшін Банкі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылды деп саналады. Жылдықтан басқа, Акционерлердің басқа жалп жиналыстары, кезектен тыс болып есептеледі.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс берген кезде әрбір акционердің дауыс саны оған тиісті дауыс беретін акциялар санына тең болады. Акционерлердің жалпы жиналысы дайындау мен жүргізуді Банк Басқармасы немесе Банкінің тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына келесі мәселелер жата-ды:

- 1) Банкі Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекітуі;
- 2) Банкінің өз еркімен қайта құрылуы немесе жойылуы;
- 3) Банкінің жарияланған акциялар санын өзгерту жөнінде шешім қабылдауы;

- 4) Банкі Директорлар кеңесінің құрам санын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшерін және шартын анықтауы,
- 5) Банкі аудитін жүзеге асыратын аудитор ұйымын анықтауы;
- 6) жылдық қаржы есептемесін анықтауы;
- 7) есепті қаржы жылы үшін Банкінің таза пайдасын бөлісу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивиденттер төлеу жөнінде шешім қабылдау және Банкінің бір қарапайым акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивидент мөлшерін бекітуі;
- 8) ҚР-да қолданылып жүрген заңнамаларында қарастырылған жағдайлар орын алғанда Банкінің қарапайым және артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді төлемеу жөнінде шешім қабылдауы;
- 9) Банкіге жататын барлық активтердің сомасынан жиырма бес және одан да астам пайыз құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Банкінің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу жөнінде шешім қабылдауы;
- 10) Банкінің ірі мәмілелер жасау және Банкінің мүддесі бар мәмілелер жөнінде шешімдерін бекітуі;
- 11) Банкінің меншікті капиталы мөлшерінен жиырма бес және одан да астам пайыз құрайтын сомаға банкі міндеттемесін арттыру жөнінде шешім қабылдауы;
- 12) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде Банкінің хабарлау нысанын анықтау және мұндай шешімді баспа басылымында орналастыру жөніндегі шешімді қабылдауы;
- 13) Акцияларды сатып алған кезде олардың құнын бағалы қағаздар нарығы жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықтау әдістемесін бекітуі;
- 14) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекітуі;
- 15) санақ комиссиясының құрам саны мен мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы;
- 16) «алтын акцияны» енгізу және күшін жоюы,
- 17) акционерлердің мүдделерін қозғайтын, сондай-ақ жариялануға жататын ақпаратты ҚР заңнамасына сәйкес жариялау үшін баспа басылымын анықтауы;
- 18) басқа мәселелер, олар бойынша шешім қабылдау заң актілерімен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.

3. Осы баптың 2 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі, Банкінің дауыс беретін жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

4. Басқа мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі дауыс беруге қатысатын Банкінің дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

5. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банкінің басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі және ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

7. Акционерлердің жалпы жиналысына қатынасуға құқығы бар акционерлердің тізімін, Банкі тіркеушісі Банкі акция иелерінің тізілімі деректерінің негіздемесінде жасайды. Аталған тізімді жасау күні Жалпы жиналысты жүргізу жөніндегі шешімді қабылдаған күннен ерте белгілене алмайды.

Акционерлерге Жалпы жиналысты жүргізу жөнінде - отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттан немесе аралас дауыс берген жағдайда жиналыс өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарланады.

Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу жөнінде хабарлау баспа басылымында жариялануға және (немесе) акционердің назарына оған жазбаша хабарлау жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

8. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылған нақты қалыптастырылған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі толықтыра алады, егер Банкі акционерлері мұндай толықтырулар жөнінде Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей хабарласа. Күн тәртібіне өзгерістер

мен (немесе) толықтырулар енгізіле алынады, егер оны енгізуге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын Банкінің дауыс беретін акцияларының жиынтығында тоқсан бес пайызына ие болатын акционерлердің көпшілігі дауыс берсе.

9. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша қарауға және шешім қабылдауға құқылы, егер жиналысқа қатынасушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін акционерлер немесе Банкінің дауыс беретін акцияларының жиынтығында елу және одан астам пайыздарына ие болған акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері тіркелсе.

Өтпегеннің орнына жүргізілген қайталанған Акционерлердің жалпы жиналысы, күн тәртібі мәселесін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум болмау себепті өтпеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;

2) тіркеуді аяқтау сәтіне оған қатысу үшін Банкінің дауыс беретін акциялары жиынтығының қырық және одан да астам пайыздарына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттан дауыс беретін акционерлер тіркелген.

Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралған мәселе бойынша өзі немесе өзінің өкілі дауыс беруге құқығы бар.

Банкінің лауазымды тұлғалары Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде сөйлеуге құқығы жоқ.

10. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады, Жалпы жиналыстың төрағасын (президиумның) және хатшысын сайлайды. Атқарушы органның мүшелері, жиналысқа қатысып отырған акционерлер атқарушы органға енгеннен басқа жағдайларда, акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен сенімділігіне жауап береді.

Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайлардан басқаларында: 1) Қазақстан Республикасы заңдық актілерінде қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың ең көп мөлшерін шектеу, 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде жиынтықты дауыс беру, 3) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің реттемелік мәселелері бойынша акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға бір дауыс беру.

Кумулятивтік дауыс берген кезде акция бойынша берілетін дауысты акционер Директорлар кеңесі мүшесіне бір кандидатқа толық немесе оның Директорлар кеңесі мүшелеріне бірнеше кандидаттар арасында бөлуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған деп ең көп дауыс жинаған кандидаттар есептеледі. Дауыс беру бюллетеньдер бойынша ашық әдіспен және құпия дауыс берумен өткізілуі мүмкін.

11. Дауыс беру қорытындысы бойынша Жалпы жиналыстың хатшысы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама жасайды және қол қояды, оны Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосады.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын хатшы жасайды және жиналыс біткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы және Банкінің дауыс беретін акцияларының он және одан да астам пайызына иелік ететін акционерлер және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқандар қол қояды. Қол қоюға міндетті тұлға хаттамаға қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оған берілген сенімхат негіздемесінде оның өкілі қол қояды.

12. Барлық Жалпы жиналыстардың хаттамалары хаттамалар кітабына тігіледі, оны Банк Басқармасы сақтайды және кез келген уақытта кез келген акционерге танысу үшін берілуге тиіс.

20 бап. Банк директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі, осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Банкінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Банкі қызметінің басыңқы бағыттарын анықтау;

2) жылдық және кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру жөнінде шешім қабылдау;

- 3) Банкі акциясын тарату және жарияланған акциялар санының шеңберінде оларды тарату бағасы жөнінде шешім қабылдау;
- 4) Банкінің таратылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу жөнінде шешім қабылдауы;
- 5) Банкінің жылдық қарыз есептемесін алдын ала бекіту;
- 6) қарапайым акциялар бойынша дивиденттерді төлеу жөнінде шешім қабылдау және есеп қаржы жылы үшін төленетін дивиденттерден басқа, бір қарапайым акцияға дивидент төлеу мөлшерін анықтау;
- 7) Банкінің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау;
- 8) атқарушы органның құрам санын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбекті төлеу шарттарын анықтау және сыйақы беру;
- 10) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- 11) Банкінің резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау;
- 12) Банкінің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банкі қызметін ұйымдастыру мақсатын атқарушы органдар қабылдайтын құжаттардан басқа) бекіту;
- 13) Банкінің филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу жөнінде шешім қабылдау және олар туралы ережені бекіту;
- 14) Банкінің басқа ұйымдарды құру және қызметіне қатысуы жөнінде шешім қабылдау;
- 15) Банкінің меншікті капиталының он және одан да астам пайызын құрайтын шамаға Банкі міндеттемесін арттыру;
- 16) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Банкі тіркеушісін таңдау;
- 17) Банкі жөніндегі ақпаратты немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия болып есептелетін оның қызметі жөніндегі ақпаратты анықтау;
- 18) ірі мәмілелер және олардың жасалуына банкінің мүдделігі бар мәмілелерді жасау жөнінде шешім қабылдау;
- 19) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбегін төлеу мөлшері мен шартын және ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне сыйақыны анықтау;
- 20) Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын осы жарғыға қарастырылған басқа мәселелер.

3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу атқарушы органға берілмейді.

4. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес атқарушы органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы шешім қабылдауға құқығы жоқ,

5. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционердің оған жататын акциялар бойынша дауыстарын түгел бір кандидатқа немесе Директорлар кеңесі мүшелігіне бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланған кандидаттар болып, ең көп дауыс жинағандар есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі және одан астам кандидаттар бірдей дауыс жинаса, бір кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

6. Директорлар кеңесі мүшелігіне банкі акционері емес және акционер мүддесінің өкілетті ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін.

Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан артпауға тиіс.

7. Төрағадан басқа, Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарманың Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің сан құрамы Акционерлердің жалпы жиналысымен анықталады, бір мүшеден кем болмауы керек.

8. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар, шексіз рет қайтадан сайлана алады, егер бұл қолданылып жүрген заңдарға қайшы болмаса. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығының немесе жеке мүшелерінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Өзінің бастамасымен Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабарлама негіздемесінде жүзеге асырылады.

Мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттігі аталған хабарламаны алған сәттен тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан дауыс беретін акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен жүзеге асырылады, мұнда берілген Директорлар кеңесі мүшелерінің уәкілеттігі Директорлар кеңесі уәкілеттігінің тұтас алғанда біту мерзімімен бір мезгілде аяқталады.

9. Директорлар кеңесінің Төрағасы құпия дауыс берумен оның мүшелерінің санынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта өзінің Төрағасын қайта сайлай алады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мәжілісін шақырады, мәжілістерде төрағалық етеді және хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

10. Директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе талап етуі бойынша шақырыла алынады:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банкіге аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 3) ірі акционердің.

11. Банкінің Директорлар кеңесі мәжілісін шақыру, дайындау және жүргізу тәртібі Банкінің ішкі құжаттарымен анықталады. Банкі Директорлар кеңесі шешімін сырттай дауыс беру арқылы жүргізуі мүмкін.

12. Банкінің Директорлар кеңесі мәжілісін жүргізу үшін кворум банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің сайланған санының жартысынан кем болмау керек. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Акционерлердің жалпы жиналысында сайланғандардың жартысынан аз болса, Банкінің Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Банк Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Банкінің Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек Банкінің акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға шешім қабылдауға құқылы.

13. Банкі Директорлар кеңесі мәжілісінде шешім қатынасушы Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауыстарын Банкінің Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне табыс етуіне тыйым салынады. Банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі Төрағасының шешуші дауыс үшін құқығы бар.

14. Банкі Директорлар кеңесінің мәжілісінде хаттама жүргізіледі. Банкі Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасы оны өткізгеннен кейін үш күннен кешіктірмей рәсімделеді және мәжілісте төрағалық еткен тұлға және хатшы қол қояды.

21 бап. Банкі Басқармасы

1. Ағымдағы қызметке басшылықты Банкі Басқармасы жүзеге асырады.

2. Банкі басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы және Банкі Директорлар кеңесінің шешімін орындайды.

3. Банк басқармасы Банкі атынан әрекет етеді, Банкінің ұйымдық құрылымын бекітеді, шешім (қаулы) шығарады және Банкінің барлық қызметкерлерінің орындаулары міндетті болатын нұсқау береді.

4. Банк Басқармасын ұйымдастыру, оның уәкілеттігін, сондай-ақ уәкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтату заңдық, осы Жарғыға және Банкінің ішкі құжаттарына сәйкес Банкі Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Оның акционерлері болып есептелмейтін Банкінің акционерлері мен қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері қолданылылып жүрген заңдармен, Банкі Жарғысымен, сондай-ақ олардың әрқайсының Банкімен жасаған жеке еңбек шартымен анықталады. Банкі Басқармасы Төрағасымен жасалған жеке еңбек шартына Банкі атынан Банкінің Директорлар кеңесі Төрағасы немесе Банкі Директорлар кеңесінің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен жасалған жеке еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

5. Банкі Басқармасы мүшесінің басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың орган-дарында қызмет істеуіне тек Банкі Директорлар кеңесінің келісімімен жол беріледі.

6. Банк Басқармасы құзыретіне қолданылып жүрген заңнамалар және Банкі Жарғысымен немесе акционерлердің жалпы жиналысы және Банкі Директорлар кеңесі қабылдаған ережелер

және басқа құжаттармен анықталған Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатпайтын Банкі қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелер жатады.

Егер мәмілені жасасқан сәтте тараптар, Банкі белгілеген шектеулерді бұзып оны басқармасы мұндай шектеулер жөнінде білсе, Банкі мәміленің шындығына дауласуға құқылы.

7. Банкі Басқармасы Төрағасы:

1) үшінші тұлғаларға қатысты Банкі атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Банкінің өкілі болу құқығына сенімхат береді;

3) Банкі қызметкерлерін қызметке тағайындау, оларды ауыстыру және жұмыстан шығару жөнінде бұйрық береді, еңбекті төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық еңбекақы және жеке үстемелердің мөлшерін белгілейді, сыйақы мәселесін шешеді, көтермелеу және тәртіптік жазалар шараларын қабылдайды;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

5) өзі болмаған жағдайларда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктейді;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттік саласын және жауапкершілігін бөледі;

7) оған Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі берген, бұл органдардың айрықша құзыретіне қолданылып жүрген заңнама және Банкі Жарғысына сәйкес жатқызылған мәселелерден басқа уәкілеттікті жүзеге асырады.

8. Басқарма мәжілісін өткізуге дайындық, сондай-ақ шақыру мен жүргізу тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

22 бап. Банкінің қаржы (операциялық) жылы

Банкінің қаржы (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.

23 бап. Банкідегі есеп және есептеме

Бухгалтерлік, банкілік және басқа есептеме тізбесі, нысаны және мерзімдерін, олар жүргізген операциялардың есеп тәртібін, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілік ҚР заңнамасымен белгіленеді. Банкінің бухгалтерлік есеп саясатын Банкінің Директорлар кеңесі анықтайды.

24 бап. Банкі аудиті

Банкіні аудиторлық тексеру Банкінің шығарылған (төленген) жарғылық капиталын-дағы жиынтық үлесі он және одан да астам пайыз құрайтын акционерлердің талап етуі бойынша жүргізілуге тиіс. Кез келген акционер өз есебінен Банкінің жылдық қаржы есептемесіне, сондай-ақ оның ағымдағы ісіне аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

Банк жылдық қаржы есептемесіне аудит өткізуге міндетті.

25 бап. Банк акционерлеріне оның қызметі жөніндегі ақпаратты беру тәртібі

1. Банк өз акционерлерінің назарына Банк акционерлері мүдделерін қозғайтын ақпаратты жеткізуге міндетті. Акционерлердің мүддесін қозғайтын ақпарат деп Банк мыналарды таниды:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер, және қабылданған шешімдерді орындағаны жөніндегі ақпарат;

2) Банкінің акциялар және басқа бағалы қағаздарды шығаруы және Банкінің бағалы қағаздарын тарату қорытындысы жөніндегі есептерді, Банкінің бағалы қағаздарды өтеу қорытындысы жөніндегі есептерді бекіту, уәкілетті органдардың Банкінің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Банкінің ірі мәмілелерді жасауы және оларды жасауда Банкінің мүдделігі бар мәмілелер;

4) Банкінің меншікті капиталынан жиырма бес және одан астам пайыз құрайтын мөлшерде Банкінің қарыз алуы;

5) Банкінің қызметін қандай да болмасын бір түрін жүзеге асыруға лицензия алуы,
қызметін қандай да болмасын бір түрін жүзеге асыруға бұрын алған лицензиясының
тоқтатуы;

6) Банкінің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

7) Банкі мүлігіне тыйым салу;

8) Ақпараттың нәтижесінде баланстық құны Банкі активінің жалпы мөлшерінен он және одан
көп есебіне дейін құрайтын Банкі мүлігінің жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

9) Банкі және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) Банкіні еріксіз қайта ұйымдастыру жөніндегі шешім.

2. Осы баптың 1 тармағында тізілген ақпарат, яғни Банкінің қаржы есептемесімен танысу
арқылы Банкі акционерінен жазбаша сұрау салу түскен сәттен акционерге отыз жұмыс күні
ішінде беріледі.

Қызметтік, коммерциялық немесе заң қорғайтын басқа құпия болып есептелетін
ақпаратты қорғау мақсатында, Банкінің ішкі құжаттарымен аталған ақпаратты беруге шектеу
қойылуы мүмкін.

26 бап. Банкі қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау

1. Банк жылдық есебін, оған жылдық баланс пен кіріс және шығыс жөніндегі есепті ҚР
заңнамасымен белгіленген нысандармен және мерзімдерде қоса, банкі қызметіне аудиторлық
қызмет жүргізуге бар лицензияны аудиторлық мекеме (аудитор), оларда берілген
қызметтердің сенімділігін растағаннан және Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы
арқылы балансты және кіріс пен шығыс жөніндегі есепті бекіткеннен кейін жариялайды. Банк
жыл сайын ҚР заңнамасында белгіленген нысандар мен мерзімдерде кірістер мен шығыстар
жөнінде есепті, олардың аудиторлық растауынсыз жария-лайды.

2. Банкінің жылдық қаржы есептемесі Директорлар кеңесінің Акционерлердің жылдық
жалпы жиналысын өткізуден отыз күн кешіктірмей алдын ала бекітілуіне тиіс.

27 бап. Банк қызметін тоқтату шарттары

1. Банкіні қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу
Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Өз еркімен Банкіні қайта ұйымдастыру ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты
болмағанда Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Банкіні еріксіз қайта ұйымдастыру соттың шешімі бойынша ҚР заңнамасына сәйкес
уәкілетті органның тиісті қорытындысы негіздемесінде жүргізіледі.

4. Банк мына жағдайларда таратылады:

а) уәкілетті органның рұқсаты болған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының
шешімі бойынша (өз еркімен тарату);

б) ҚР заңдық актілерімен қарастырылған жағдайларда соттың шешімі бойынша.

5. Уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысы бойынша
қарастырылған Банкіні таратқан жағдайда тарату комиссиясы тағайындалады, оған Банкінің мүлкі мен
басқару жөніндегі уәкілеттік беріледі.

6. Банкіні өз еркімен таратқан кезде тарату комиссиясы қызметінің ерекшеліктері ҚР
заңнамасымен анықталады.

7. Өз еркімен таратылуға рұқсат алғаннан кейін Банк бұл жөнінде ақпаратты орталық әділет
органының ресми баспа басылымында жариялауға міндетті.

8. Банкіні сот арқылы мәжбүрлі тарату мыналарға байланысты жүргізіледі:

а) Банкінің банкротқа ұшырауымен;

б) Банкі операцияларын жүргізуге Банкі лицензиясын ҚР заңнамасында қарастырылған
жағдайлар бойынша қайтарып алумен;

в) ҚР заңдық актілерімен қарастырылған басқа негіздемелер бойынша Банкі қызметін
жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың
(талап қоюмен)

9. Басқа жағдайларда Банкі қызметін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының
заңнамасымен жүрген заңнамасымен реттеледі.

Басқарма Төрағасы




Ә.Қ.Ғилымов

16 қыркүйек 2004 ж., мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігімен 18.10.2000 ж. берілген № 0000825 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет жасаушы нотариус Острой Максим Вячеславович менің көзімше құжатқа қол қойған азамат **Председателя правления ОАО «Нурбанк» Гилимова Абилмажена Куанышевича** қойған қолының түпнұсқа екендігін куәландырамын. Құжатқа қол қоюшының жеке басы анықталды. Личность представителя установлена, полномочия его проверены.
Реестрде болып тіркелді № 4-13- 139 .
Нотариаттық қызмет көрсету үшін 91-90 теңге төленді.



Согласовано
с Агентством Республики Казахстан
по регулированию и надзору финансового рынка
и финансовых организаций
Председатель Агентства



«17» сентября 2004г

УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «НУРБАНК»

Утвержден
Общим собранием акционеров
от «16» мая 2004г
Протокол № 2

г. АЛМАТЫ-2004 г.

Настоящий Устав разработан в новой редакции в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовой статус Акционерного общества «Нурбанк», именуемого в дальнейшем «Банк».

Банк проходит государственную перерегистрацию в связи с изменением наименования: прежнее наименование - Открытое акционерное общество «Нурбанк» (свидетельство о государственной перерегистрации юридического лица № 3868-1900-АО от 20 мая 1998 года), новое наименование Акционерное общество «Нурбанк».

Статья 1. Наименование Банка

1. Полное наименование Банка:

- а) на казахском языке: «Нурбанк» Акционерлік қоғамы;
- б) на русском языке: Акционерное общество «Нурбанк»;
- в) на английском языке: «Nurbank» Joint Stock Company

2. Сокращенное наименование Банка:

- а) на казахском языке: «Нурбанк» АҚ;
- б) на русском языке: АО «Нурбанк»;
- в) на английском языке: «Nurbank» JSC

Статья 2. Юридический статус Банка

1. Банк является юридическим лицом в соответствии с законодательством РК, имеет самостоятельный баланс, корреспондентские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Официальный статус банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве банка в органах юстиции и наличием лицензии уполномоченного органа в соответствии с законодательством РК.

2. Форма собственности Банка - частная.

3. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами в соответствии с законодательством РК.

4. Банк осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством РК, обычаями делового оборота, применяемыми в банковской практике, в части, не противоречащей законодательству РК, настоящим Уставом и внутренними документами Банка.

Статья 3. Цели и виды деятельности Банка.

1. Банк учрежден в целях качественного и комплексного обслуживания физических и юридических лиц резидентов и нерезидентов Республики Казахстан.

2. Целями деятельности Банка являются:

- 2.1. содействие формированию и дальнейшему развитию рыночной экономики в Республике Казахстан;
- 2.2. осуществление финансовой деятельности, способствующей становлению и развитию различных отраслей и секторов экономики и социальной сферы;
